

ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ХАНДЫҚ
ДӘУІР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ
«МӘҢГІЛІК ЕЛ»
ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ



ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ХАНДЫҚ
ДӘУІР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ
«МӘҢГІЛІК ЕЛ»
ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ

Ұжымдық монография

Алматы
«Қазақ университеті»
2017

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)
Е 33

4541МҚ/4 «Қазақ әдебиетіндегі ұлттық идея және «Мәңгілік Ел» идеясы көрініс табуының көркемдік мәні мен жаңашыл сипаты» ғылыми жобасы бойынша дайындалған

Жалпы редакциясын басқарған
ф.ғ.д., профессор **Ө. Әбдиманұлы**

Пікір жазғандар:

филология ғылымдарының докторы, профессор **Б. Әбдіғазизұлы**
филология ғылымдарының докторы, профессор **З. Сейітжанов**
филология ғылымдарының докторы, профессор **Ә. Тарақ**

Е 33 Ежелгі және хандық дәуір әдебиетіндегі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы: ұжымдық монография / Ө. Әбдиманұлы, Ж. Дәдебаев, А.Б. Темірболат, Е.М. Солтанаева, Ж.Д. Есімова, Қ.Ә. Айсұлтанова; жалпы ред. басқ. Ө. Әбдиманұлы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 172 б.

ISBN 978-601-04-2189-9

Бұл еңбекте Ежелгі және хандық дәуір әдебиетіндегі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы кенінен қарастырылады. Сондай-ақ, ұжымдық монографияда осы кезеңдегі шығармашылық-тарихи тұлғалар, акын-жыраулар мұрасындағы мәңгілік ел мұратының, ұлттық идея көрінісінің басты арналары нақтыланып, әдеби-көркемдік мәніне, маңызына талдау жасалады. Еңбекте ғасырлар қойнауындағы көркем туындылардағы ұлттық идея және «Мәңгілік Ел» идеясы көрініс табуының көркемдік мәні мен жаңашыл сипаты жан-жақты зерделеніп, бүгінгі күн тұрғысынан жүйелеу және зерттеу мәселелеріне ерекше мән берілген.

Монографиялық зерттеу әдебиетші ғалымдарға, филология факультеттерінің докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, жалпы әдебиет сүйер қауымға арналған.

ӘОЖ 94 (574)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-04-2189-9

© Авторлық ұжым, 2016
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

Ұлттық идея – ұлттың өмір сүру факторлары арқылы айқындалатын, тарих тәжірибесі мен танымталғамына қатысты жаңғырып-жаңаланып отыратын, халықтың уақытқа сай талап-тілектерінің, әлеуметтік мұрат-мүдделерінің жалпы мәнін жинақтаған тарихи категория. Оның ұлттық рухани болмысының арналы саласы әдебиетте көрініс табуы «Мәңгілік Ел» идеясымен астасып жатыр.

Қазақстан Республикасының президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық», – деп «Мәңгілік Ел» идеясының халқымыздың сан ғасырлық тарихымен сабақтасып, оның рухани дүниелерінің негізгі ұстанымына айналғандығының мән-мазмұнын ашып берді.

Ендеше ел арманының «Темірқазығына» айналған «Мәңгілік Ел» идеясының санғасырлық қазақ әдебиетіндегі көркемдік белгісін зерделеу – аса бір ыждағаттықпен зерттеу қажет ететін бағыттың бірі. Өйткені кез келген халықтың ежелгі дәуірлерден бергі арман-мақсаттарынан қалыптасатын рухани болмысын саралайтын нақты көрсеткіші – Сөз өнері. Сондықтан да, «Мәңгілік Ел» идеясының ұлт рухымен берік бірлігі қазақ әдебиетіндегі әдеби туындылар өзегінен үнемі өзіндік өрісін тауып отырды. Қазақ әдебиеті тарихының ежелгі замандарынан егемендік алған тұсымызға дейінгі дәуірлерінде, одан кейін де ұлттық идея, «Мәңгілік Ел» концепциясын әдеби-көркемдік тұрғыдан негіздеді десе болады. Осы қос ұғым, қос ұстаным іргелі тарихи кезендік тұстарда әдебиеттен түрлі реңкпен белгі беріп отырды.

1

ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫР ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ «МӘНГІЛІК ЕЛ»
ҰСТАНЫМЫ

Ұлтымыздың ұлттық ұстанымы ретінде бағаланып отырған «Мәңгілік ел» идеясы ерте замандардан-ақ елдік мұраттардың өзегіне айналып, халықпен бірге жасасып, жаңғырып келе жатқан рухани құндылықтарымыздың қатарынан орын алады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев ел жадынан ұмытыла бастаған өміршең идеяны қайта жаңғыртып, бүгінгі күнмен байланыстырып, ертеңгі ұрпақ өмірімен сабақтастыруын заман талабынан туындаған ұстаным, ел келешегін ойлаудан туған парасатты пайым, анық бағдар екендігі ақиқат. Ұлттық болмыс-бітімімізді, бет-бейнемізді сақтап қалу, ата-баба дәстүрінен қол үзбеу, ұрпақ жалғастығы, дәстүр сабақтастығы аясында қыруар міндет артып, болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігіміздің мол екендігін талғам таразысына салып, салмақтауда, өткенге үңіліп, болашақта көз тігуде ұстанатын ұстын-қағидатымыз болуға лайық «Мәңгілік Ел» идеясының тамыры тарих қойнауында жатса, өркен жаяр, жайқалар тұсы болашақпен тығыз байланысты.

Қазақ елінің мәңгілік мұрат-ансары ұлт рухымен, руханиятымен, атап айтсақ, тарихымен, мәдениет-әдебиетімен бірге жасап, бір-бірінен ажырағысыз бірлікте екені даусыз. Көне сөз жәдігерліктерінде, ұлтымыздың даналық сөздерінде, ойшыл ғұламалардың соңында қалған мол мұраларында ел арманының көрінісі, болашағына деген алғаусыз сенімі хатталып, бүгінге жеткені, «Мәңгілік Ел» идеясындағы асыл арнаның сол бастаулармен қосылып, біте қайнасып, түп-тамыры өткенмен

сабақтасып, бүгінмен араласып, ертеңмен жалғасып жатқанын танып-түйсінудің, зерттеп-зерделеудің уақыты жеткенін аңғарып отырмыз. Ежелгі және орта ғасырлардағы түрлі әдеби-тарихи жәдігерліктердегі «Мәңгілік ел» идеясының түрлі сипатта көрініс табатынын жүйелеп, жинақтау да зерттеуіміздің негізгі тіні, өзегі болмақ.

1.1. Анахарсис – шешендік өнердің алғашқы өкілі

Қазақ сөз өнерінің қалыптасу, даму мәселелері қазақ сөз өнері туралы ғылым аясында едәуір зерттелді, бірқатар еңбектерде монографиялық деңгейде арнайы қарастырылды. Алайда қазақ сөз өнерінің, жалпы түркі халықтарының әдебиетінің көне бастау-көзі, туу, шығу тарихының ежелгі тегі, оны жасаушылардың байырғы өкілдері Орта Азия мен Қазақстанның ғылыми танымында бүгінге дейін таразыға түспеген, пайымдау пәні болып көрмеген қалпында қалып отыр. Орта Азия мен Қазақстан халықтарының сөз өнерінің туу тарихын, оны жасаушылардың байырғы өкілдерінің өмірі мен өнегесін зерттеудің мұншалық кешеуілдеуі оның ғылыми мәселе ретіндегі қажеттілігінің, мәдени-әлеуметтік маңыздылығының төмендігінен емес, ұлттық мәдениеттің түп тамырын зерттеуге, оған терең бойлауға еркін жол ашпаған одақтық саясаттың салқынымен байланысты. Ел жаңарып, ел билеу тәртібі өзгеріп, ұлттық мемлекет ұлттық егемендігін алған шақта, қазақ халқының дәстүрлі мәдениеті мен өнерінің, оның ішінде сөз өнерінің шығу көздерін, қалыптасу, даму арналарын әлемдік өркениетпен өзектес, Шығыс пен Батыс мәдениетінің өзара байланысы аясында пайымдаудың ғылыми маңызы өлшеусіз зор. Бұл ретте Орта Азия мен Қазақстан жерін ежелден мекендеген скифтердің батысқа ауып, Қара теңіздің солтүстік өңіріне барып қоныс тепкен бір ұлысынан шыққан ғұлама Анахарсистің шығармашылық ойлауы, көркемдік толғаулары, даналық қисындары айырықша бағалы.

Анахарсистің сөздері бүгінде көне дәуір авторларының грек, латын тілдерінде жазылған, одан орыс тіліне аударылған еңбектері арқылы белгілі болғанымен, олардан Скиф даласының тыныс-лебі есіп тұрады. Ал скифтердің Орта Азия мен Қазақстан халықтарының, олардың ішінде қазақ халқының да қалыптасу процесінде үлкен орны бар [1, 22] ұлыстардың бірі болғанын ескергенде, скиф Анахарсисінің көркемдік-эстетикалық толғамдары

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ (Әбдиманұлы Ө.).....	3
ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫР ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ «МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰСТАНЫМЫ (Дәдебаев Ж.).....	8
«МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНЫҢ ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ХАНДЫҚ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ КӨРКЕМДІК КӨРІНІСІ (Әбдиманұлы Ө.)	82
ЕЖЕЛГІ ӘДЕБИ МҰРАЛАРДАҒЫ ЕЛ МҰРАТЫ КӨРІНІС ТАБУЫНЫҢ КӨРКЕМДІК МӘНІ (Солтанаева Е.М.).....	110
ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЕЛ БІРЛІГІНІҢ ЖЫРЛАНУЫ (Есімова Ж.Д.).....	130
«МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫ – ӨТКЕН МЕН КЕЛЕШЕК КЕЛІСІМ ТАБАР ҰСТАНЫМ (Айсұлтанова Қ.Ә.).....	142
ПОНЯТИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ И ЕЕ ОТРАЖЕНИЕ В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ (Темирболат А.Б.).....	154
ҚОРЫТЫНДЫ (Әбдиманұлы Ө.).....	168

Ғылыми басылым

Өмірхан Әбдиманұлы, Жанғара Дәдебаев,
Алуа Темірболат, Еркінгүл Солтанаева, Жұлдыз Есімова,
Қарлығаш Айсұлтанова

**ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ХАНДЫҚ
ДӘУІР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ
«МӘңГІЛІК ЕЛ»
ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ**

Ұжымдық монография

Монография авторлық редакциямен жарыққа шықты

Компьютерде беттеген *Г. Шаққозова*
Мұқабасын безендірген *А. Қалиева*

ИБ №10575

Басуға 13.12.2016 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 ¹/₁₆.
Көлемі 10,9 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс № 867.

Таралымы 500 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.

